

Мектептің мектепалды даярлық сыныбына арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (5 жастағы балалар) оқытылуы қазақ тілінде

№ р\с	*Ұйымдастырылған іс-әрекет/ Балалар әрекеті	Аптадағы нормативтік жүктеме	Жылдық барлығы
1	Дене шынықтыру	3 сағат	99
	Дене шынықтыру**		
2	Сөйлеуді дамыту	2 сағат	66
	Тілдік қарым-қатынас		
	Көркем әдебиет	2 сағат	66
	Тілдік қарым-қатынас		
	Қазақ тілі		
	Қазақ тілі ***		
3	Сауат ашу негіздері	3 сағат	99
	Тілдік қарым-қатынас Танымдық әрекет		
4	Математика негіздері	3 сағат	99
	Танымдық зерттеу әрекеттері		
5	Қоршаған ортамен танысу	2 сағат	66
	Тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу		
6	Сурет салу	1 сағат	9 сағат
	Мүсіндеу		9 сағат
	Жапсыру		8 сағат
	Құрастыру		7 сағат
7	Шығармашылық әрекет ,бейнелеу		
	Музыка	2 сағат	66
	Музыка ***		
8		20 сағат	660

Мектеп алды даярлық сыныптарында вариативтік компонент сағаттары жоқ .

2) Аталған өлшем шарттары бойынша талдауға ұсынылған құжаттарды зерделеу барысында мектеп алды сыныбында аптасына 5 күндік жұмыс жасайтынын барлығы 1 сынып 5 тәрбиеленуші 1 сынып комплектісі жинақталып тәрбиелеу мен оқыту мемлекеттік тілінде жүргізіледі.

Аталған оқу жылында мектепалды сыныбының жұмыстық оқу жоспарларында «Дене шынықтыру», «Сөйлеуді дамыту», «Сауат ашу негіздері», «Математика негіздері», «Қоршаған ортамен танысу», «Сурет салу», «Шығармашылық әрекет, бейнелеу» білім беру салалары бойынша оқу жүктемелері бөлінген. ҚРОА министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарының» үлгілік қағидаларын бекіту туралы №385 бұйрығы негізінде ұйымдастырылған.

Үлгілік қағидаларын сақталынған баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жек дамуын жоспарлаудың негізі болып табылған мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы бала дамуының жеке картасы жүргізіледі.

Құзыреттіліктер :

- Физикалық қасиеттер
- Комуникативтік дағдылар,
- Танымдық және зияткерлік дағдылар
- Шығармашылық дағдылар, зерттеу іс-әрекеті,
- Әлеуметтік – эмоциональды дағдылар.

Бастапқы бақылау, диагностикалары нәтижелеріндегі шаралар анықталып, дамытушы, түзету жұмыстары жыл бойы жүргізілмек. Тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы апта күндері , ай, жылға жоспарланған. Стандарт талаптарына сәйкес ұйымдастырылған . Іс- әрекет – оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде жұмыс бағытын ескере отырып , балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына , отбасылық құндылықтарға , Отанға деген сүйіспеншілікке , мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін педагогтің ойын түрінде балалар әрекеті «Ойын , қимыл, танымдық, шығармашылдық, еңбек арқылы ұйымдастырылған физикалық дені сау баланы тәрбиелеу салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру қарастырылған». «Дене шынықтыру» ұйымдастырылған іс- әрекеті аптасына үш сағат кестеге сәйкес жүргізіледі. Балалардың жас ерекшеліктеріне сай балалардың физикалық белсенділігіне ол қимыл белсенділігі, дене шынықтыру – сауықтыру шаралары , мәдени- гигиеналық дағдылар , ойын әрекеті, дербес белсенді және т.б әрекеттер арқылы бекітілген кестеге сәйкес ұйымдастырылған . Балалардың дене белсенділігін арттыру үшін қимылды ойындарға соның ішінде ұлттық қимылды ойындарға басымдық берілген. Комуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауыз екі сөйлеуді , сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуді қолдың ұсақ моторикасын және команда да жұмыс істеу дағдыларын дамыту қарастырылған. Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет , қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеттері аптасына екі сағаттан кестеге сәйкес жүргізілді.

Күн сайын балаларға кітаптарды оқып беру, балалардың оқылған, тыңдалған шығармалардан әсер алуына ықпал ету, балалардың жасына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттату, кітаптардағы иллюстрацияларды көрсету және оларға түсініктеме беру, балалардың ойларын тыңдау , балаларға қызықты кітаптарды таңдау , ол үшін сыныпта балаларға арналған кітаптардан , сондай – ақ балаларға арналған аудио шығармаларды тыңдау, кітап бұрышы ұйымдастырылған . Бірақ кітап қоры аз . Балалардың мектепке оқуға дайындығын қамтамасыз ету үшін мектеп алды даярлық сыныбында сауат ашу негіздері аптасына үш сағат өткізіледі. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің қоршаған ортамен өзара қарым – қатынас жасауына қарапайым дағдыларын меңгерту қарастырылған. Мектепалды даярлық сыныптарында математика негіздері ұйымдастырылған іс-әректі аптасына үш сағат өткізіледі. Мұндай математикалық ұғымдарды (заттардың түсі, көлемі, пішіні, саны, кеңістікте орналасуы және

т.б) бекіту үшін сәйкес сұрақтар қойып балалардың жеке жауаптарын тыңдау, балалардың математика терминдерін қолданып жауап береді.

Қоршаған ортамен танысу ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына екі сағат өткізіледі. Мұнда объектілер мен заттарды бақылау (тірі және өлі табиғат) зерттеу материалдарымен эксперимент жасау, педагогтің ақпаратты оқып беру, кітаптарды және иллюстрацияларды қарау, әңгімелесу, қарым-қатынас, ойын, еңбек және басқа да әрекеттер арқылы іске асырылады.

Қоршаған ортамен танысу баланың отбасы түрлі мамандықтар, ересектердің еңбегі, туған жер, Отан, Отан қорғаушылар туралы және т.б түсініктері мен дағдыларын, патриоттық сезімін қалыптастыру үшін балалардың қазақ халқының ұлттық құндылықтары, отбасылық құндылықтар арқылы тәрбиелеуге басымдық берілген.

Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру аптасына бір сағат жүргізіледі, ал шығармашылық бейнелеу іс-әрекеті кей балалардың қызығушылықтарын ескермей ұйымдастырылған. Балалар айналадағы болып жатқан оқиғаларды ой елегінен өткізіп, тәжірибие жинақтауы және дағдыларды игеруі үшін олардың қиялын дамыту, шығармашылық қабілеттерін ашу ұсынылды.

Музыка ұйымдастырылған іс-әрекеті мектепалды даярлық сыныбында аптасына екі сағат сабақ кестесіне сәйкес жүргізіледі. Балалар музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттау, ырғақты музыкалық қимылдар жасайды.

МЖМОС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша білімі бар тәрбиешілердің болуы.

Бағалау нәтижелері: 2023-2024 оқу жылында 1 педагог Әжібаева Ақбөбек Әжібайқызы
2022-2023 оқу жылында 1 педагог Әжібаева Ақбөбек Әжібайқызы

2021-2022 оқу жылында 1 педагог Әжібаева Ақбөбек Әжібайқызы
Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы, аралық, қортынды) болуы және нәтижелерін талдау.

Тәрбиеленушілердің біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау жүргізілген. Бақылау парақтарында балалардың біліктері мен дағдыларды игергендігі анықталған. Тәрбиеленушілер үлгілік оқу бағдарламасында белгіленген әрбір білім саласындағы жас топтары мен ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша білім, білік, дағдылар көлемін және құзыреттіліктерді игерген. Оқытудың нәтижелері шығарылып тәрбиеленушінің жасына сәйкес оның жетістіктерін мониторингілеу негізінде үлгілік оқу бағдарламасында күтілетін нәтижелер түрінде анықталған, бала осы немесе басқа білім мен әрекетті жаңғыртады, белгілі бір білім қорына ие және өзінің әрекетін түсінеді, өзінің білетіні мен қолынан келетінін қолданады, білім, білік, дағдыларды дербес және шығармашылықпен қолдану деңгейлерін игерген.

2023-2024 оқу жылындағы мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдылардың дамуына мониторинг ұйымдастыру және жүргізудің жұмыс түрлері ұсынылған. Талдауға ұсынылған құжаттарды зерттеу көрсеткендей, мониторинг баланың түрлі кезеңдегі біліктері мен дағдыларының даму динамикасын анықтауға педагогтің алдағы іс-әрекетін жоспарлауға, мектеп жасына дейінгі баланың жеке дамуына қажетті жұмыстарды жүргізуге мүмкіндік береді. Мониторинг нәтижелерін алуда балаларды бақылау, әңгімелесу, бала әрекетінің өнімдерін талдау, диагностика жағдаяттар арқылы жасалған. Бақылау парағы бес білім беру саласы бойынша жасалған. Жиынтық есеп жүргізіліп, білім беру деңгейлері бойынша балалардың деңгейі көрсетілген.

Балалардың мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын білім беру салалары бойынша меңгеру индикаторлары бойынша төмендегідей көрсеткіш :

1. Мектепалды жасы (5 жас) бала дамуының бастапқы диагностика қорытындысы қыркүйек 2023 жыл

Р/с	Құзыреттіліктер тізбесі	Топтар саны, балалардың саны	Дағдыларды игерген балалар саны
1	Физикалық қасиеттер	0/5	5
2	Коммуникативтік дағдылар	0/5	5
3	Танымдық және зияткерлік дағды	0/5	5
4	Шығармашылық дағдылар	0/5	5
5	Әлеуметтік эмоциональды дағдылар	0/5	5

Физикалық қасиеттер (дене шынықтыру) құзыреттілігі бойынша физикалық дағдыларды игерген балалар саны -5

Коммуникативтік дағдылар (сөйлеуді дамыту, тілдік қарым-қатынас, көркем әдебиет, қазақ тілі, сауат ашу негіздері, танымдық іс-әрекет) құзыреттілігі бойынша коммуникативтік дағдылары игерген балалар саны -5

Танымдық және зияткерлік дағды (математика негіздері, танымдық зерттеу әрекеттері) құзыреттілігі бойынша танымдық және зияткерлік дағдыларды игерген балалар саны -5

Шығармашылық дағдыларға (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру, музыка) құзыреттілігі бойынша шығармашылық дағдыларды игерген балалар саны -5

Әлеуметтік- эмоциональды дағдылар (қоршаған ортамен танысу, тілдік қатынас, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу) құзыреттілігі бойынша әлеуметтік эмоциональды дағдыларды игерген балалар саны -5

2023-2024 оқу жылының бастапқы кезеңдегі балалардың біліктері мен дағдыларының даму динамикасының жалпы көрсеткіші :

Балалардың тұлғалық, зияткерлік, әлеуметтік және эмоциональдық дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар жүйесі – заттық-кеңістіктік дамытушы органы ұйымдастырылған.

Жалпы сыныпта санитарлық-эпидемиологиялық жағдай сақталған. Осылайша мектептегі заттық – дамытушы орта баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз етеді. Дамытушы ортаны жетілдіру қажет. Перспективалық жоспарды оқу жылына арналған өтпелі тақырыптардың негізінде мектепалды даярлық сыныбының тәрбиешілері стандартқа сай құрастырған. Перспективалық жоспар балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, оларды тәрбиелеу оқыту және дамыту бойынша білім беру міндеттерін орындауды талапқа сай қарастырылған. Білім берілу процесінің сапасының қамтамасыз ету мақсатында педагог перспективалық жоспарға сәйкес циклограмма құрастырылған.

Бағалау барысында педагогтарға ұсыным :

1. Балалардың сөйлеуін тек ұйымдастырылған іс-әрекеттерде ғана емес, еркін ойын кезінде оларға түрлі сұрақтар қою арқылы балаларды көбірек сөйлесуге, бір-бірімен қарым – қатынас жасауға, олармен кез-келген мәселе бойынша әңгімелесу, олардың пікірін тыңдау арқылы дамыту.
2. Балалардың өз бетінше балалармен бірлесіп кітаптарды қарауына, тыңдалған шығармалардағы кейіпкерлердің әрекетін ойында қайталауға немесе ойдан кейіпкердің рөлін өзінше сомдауға және т.б мүмкіндік беру керек
3. Мемлекеттік тілді меңгеру мақсатында тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту.

Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар :

МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы.

Тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптар :

1. Балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптардың сақталуы.

Бағалау нәтижелері: балалар білім беру ұйымына 2023-2024 оқу жылында 5 бала қабылданды. Барлық бала 5 жаста.

Тәрбиеленушілерді 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру мерзімдерін сақтау.

Мектепалды сыныбына балаларды қабылдау бойынша балалардың қозғалыс кітабы 2023-2024 оқу жылында балаларды оқуға қабылдау, тәрбиеленуші құрамынан шығару мектеп директорының бұйрықтарымен жүзеге асырылған.

Тәрбиеленушілерді қабылдау және есептен шығару мерзімінде жүргізілген. Білім

беру ұйымында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі – 1 жылды құрап,меңгеру мерзімі сақталған .

Мектепалды сыныбы балалары :

1. Алпамыс Айбар
2. Аманбек Нұршат
3. Дәулеткелдіұлы Али
4. Самиғолла Алдияр
5. Халелов Нұрсұлтан